Binance қызметі цифрлық активтер алмасуды реттеудің жаһандық нормаларын әзірлеуге айтарлықтай әсер етеді. Компания тиімді нормативтік актілерді әзірлеу үшін өз тәжірибесімен және идеяларымен бөлісе отырып, реттеуші органдармен пікірталастарға белсенді қатысады. Binance пайдаланушылардың қауіпсіздігіне кепілдік беретін және блокчейн технологиясының инновацияларына ықпал ететін халықаралық стандарттарды белгілеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Демек, Binance бүкіл әлем бойынша реттеушілермен инновациялар мен ынтымақтастықты ынталандыра отырып, нормативтік стандарттарға сәйкес келуге ұмтылып, цифрлық активтерді айырбастауды заңдастырудың негізгі ойыншысы болып табылады. Бұл мақалада біз мысал ретінде Binance-ті қолдана отырып, цифрлық активтерді айырбастау операцияларын реттейтін негізгі құқықтық принциптерді қарастырамыз. Авторлар бұл мақалада Binance айналасында жүргізіліп жатқан нақты сот істерін қарастырады. Авторлар сонымен қатар Binance Global және Binance Kazakhstan арасындағы құқықтық реттеуге салыстырмалы талдау жүргізеді.

Тірек сөздер: құқықтық реттеу, цифрлық активтер биржасы, заңдастыру, цифрлық активтер, арбитраж.

ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА А.А.,*¹

м.ю.н., юрист.

*e-mail: zhaksylykbayeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-2646-456X

АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,²

к.ю.н., профессор.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

¹Юридическая фирма Synergy Partners,

г. Алматы, Казахстан

²Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОБМЕНА ЦИФРОВЫМИ АКТИВАМИ: НА ПРИМЕРЕ BINANCE

Аннотация

Деятельность Binance оказывает существенное влияние на разработку глобальных норм регулирования обмена цифровыми активами. Компания активно участвует в дискуссиях с регулирующими органами, делаясь

своим опытом и идеями для разработки эффективных нормативных актов. Binance подчеркивает важность установления международных стандартов, которые гарантируют безопасность пользователей и способствуют инновациям в области блокчейн-технологий. Следовательно, Binance является ключевым игроком в области легализации обмена цифровыми активами, стремясь соответствовать нормативным стандартам, одновременно поощряя инновации и сотрудничество с регулирующими органами по всему миру. В статье мы исследуем фундаментальные правовые принципы, которые регулируют операции обмена цифровыми активами, используя Binance в качестве примера. В статье рассматриваются реальные судебные дела, которые ведутся вокруг Binance. Авторы также проводят сравнительный анализ правового регулирования между Binance Global и Binance Kazakhstan.

Ключевые слова: правовое регулирование, биржа цифровых активов, легализация, цифровые активы, арбитраж.

FTAXP 10.87.51

ӨОЖ 341.45

JEL K33

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2024-1-4-52-58>

ҒАБДОЛЛА Н.Б.,*¹

магистрант.

*e-mail: n_gabdolla@kazguu.kz

ORCID ID: 0009-0006-2104-3263

¹Максут Нарикбаев университеті,

Астана қ., Қазақстан

ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНІЛГЕН АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Андатпа

«Заңсыз иемденілген активтерді қайтару саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықтың құқықтық негіздері мен олардың тиімділігін талдау» мақаласында халықаралық және өңірлік конвенцияларды, сондай-ақ өзара құқықтық көмек туралы екіжақты шарттарды қоса алғанда, заңсыз иемденілген активтерді қайтару саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықтың құқықтық негіздері қарастырылады. Мақалада активтерді қайтару тетіктерінің болуы, құқықтық көмек туралы сұрау салуды жіберу кезінде оларға тікелей жүгіну мүмкіндігі және олардың активтерді нақты қайтаруды қамтамасыз етудегі тиімділігі тұрғысынан осы құқықтық құралдардың мазмұнына талдау жасалды.

Тірек сөздер: заңсыз иемденілген активтер, халықаралық ынтымақтастық, халықаралық шарттар, аймақтық шарттар, екіжақты шарттар, активтерді қайтару.

Кіріспе

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактінің 1-бабында бекітілген құқықтарды қалпына келтіруге арналған. Оған сәйкес, халықтар халықаралық міндеттемелер мен өзара тиімділік принциптерін сақтай отырып, өздерінің табиғи ресурстары мен байлықтарын еркін басқаруға құқылы және халықты өмір сүру құралдарынан айыруға жол берілмейді [1]. Құқықтанушылар тарапынан «адамдардың өз байлығы мен табиғи ресурстарынан айырылмау құқығы – бұл адамның қарапайым құқығы ғана емес, адамның негізгі құқығы, басқалардан асып түсетін құқық» дегенде ойлар айтылған. Сондықтан да, мемлекеттердің экономикалық жағдайына теріс әсер ететін, заңсыз иемденілген активтерді қайтаруда халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты қалыптастыру маңызды процесс.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу кезінде нормативтік-құқықтық актілерді талдау, халықаралық және екіжақты шарттардың тиімділігін бағалау үшін салыстырмалы-құқықтық әдіс, сондай-ақ олардың ұлттық заңнамамен байланысын ескеретін жүйелі тәсіл қолданылды. Сонымен қатар, активтерді қайтару тетіктерін жетілдіру жолдарын анықтау үшін құқықтық модельдеу қолданылды.

Активтерді қайтару саласы бойынша негіз болатын келесідей авторлардың еңбектері бар: Аржанова И.М., Балашов Р.С., Брун Жан-Пьер, Грей Ларисса, Кудратов М., Кунев Д., Немцов Ю.И., Пичугин Д.А., Скотт Клайв, Стивенсон Кевин М. және т.б.

Нәтижелер мен талқылау

Әлемдік деңгейде активтерді қайтару саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықтың негізі ретінде екіжақты шарттар, халықаралық конвенциялар мен аймақтық

көпжақты шарттарды және өзара түсіністік принципіні қарастыра аламыз. Олар мемлекеттердің қылмыстық, азаматтық және басқа да істер бойынша ынтымақтастығын жақсартып, екіжақты процестерді реттеуге ықпал етеді. Құқықтық негіздердің, соның ішінде ең көп қолданылатын екі жақты шарттардың болуы белгілі бір деңгейде мемлекеттердің өзара көмек көрсетуге ынталы екенін білдіргенімен, іс жүзінде ондай көмек көрсетуден бас тартатын жағдайларда көп. Сондықтан әр құжатты тереңірек талдап, олардың тиімділігін қарастырайық.

Халықаралық-құқықтық көмекті дамыту туралы алғашқы іс-әрекеттер 2000-жылдардың басында БҰҰ мен және Үлкен жетілікпен G7 қолға алынған болатын. Нәтижесінде ең бірінші жоғарыда да тоқталып кеткен БҰҰ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Конвенциясы 2003 ж. қабылданып, ҚР ол құжатты 2008 ж. 4 мамырда ратификациялаған. Оның 1-бабының b)-бөлігіне сәйкес, Конвенцияның мақсаттарының бірі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда және оған қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты ынталандыру, жеңілдету мен қолдау және техникалық көмек көрсету, оның ішінде активтерді қайтару жөнінде шаралар қабылдау [2]. Конвенцияның 4-тарауы толығымен халықаралық ынтымақтастыққа, оның ішінде қылмыскерді ұстап беру, сотталғандарды беру, өзара құқықтық көмек, қылмыстық іс жүргізуді жолдау тапсыру, құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастық, бірлескен тергеулерге арналған. Ал, 5-тарауы активтерді қайтару жөніндегі іс-шараларға бағытталған. 51-бапқа сәйкес, активтерді қайтару осы Конвенцияның негізгі қағидатын білдіреді және қатысушы мемлекеттер бір-бірімен барынша кең түрде ынтымақтасады және осыған байланысты бір-біріне көмек көрсетеді. «Халықаралық шарттар құқығы туралы» Вена конвенциясының 31-бабына сәйкес, шарт олардың контекстінде және шарттың объектісі мен мақсаты тұрғысынан шарттың шарттарына берілетін кәдімгі мағынаға сәйкес адал түсіндірілуі керек [3]. Осы қағида бойынша Конвенцияның 51-бабын түсіндіретін болсақ, «негізгі қағидат» деген тіркес заңсыз шығарылған активтерді қайтару Конвенцияның орталық мақсаттарының бірі болып табылатынын, бұл өз кезегінде осы процеске жоғары мән беретінін және қатысушы мемлекеттер үшін міндеттемелер жасайтынын атап көрсетеді. 51-бап ынтымақтастық пен өзара көмек принципіні тұжырымдағанымен, ол әрбір нақты жағдай үшін нақты және міндетті заңды тетіктерді белгілемейді. Бұл қатысушы мемлекеттер активтерді бірлесіп қайтару шеңберінде белсенді жұмыс істеуге міндетті дегенді білдіреді, алайда мұндай ынтымақтастықтың нақты нысандары мен көлемі қосымша келісімдермен немесе ұлттық заңнамалармен реттелуі мүмкін. 51-бап активтерді қайтарудың әрбір жеке жағдайы бойынша нақты міндеттемелер жасамайды, ол тиісті тетіктерді құрудың заңды негізі болып табылады және елдерді осы саладағы белсенді ынтымақтастыққа ынталандыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Халықаралық тәжірибеде осы баптан активтерді қайтару қағидаты екіжақты немесе көпжақты келісімдер деңгейінде нақтыланатын және іске асырылатын елдер арасында келісімдер немесе уағдаластықтар жиі туындайды.

БҰҰ «Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы» конвенциясын қарастыратын болсақ, ол 2000 ж. қабылданып, 2008 ж. ҚР ратификациялаған. Конвенция 4-бап бойынша қылмыстық құрамдарды ұсынады. Ол 5-бапта көзделгендей ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысу, 6-бап қылмыстан түскен табыстарды жылыстату, 8-бап сыбайлас жемқорлық, 23-бап сот төрелігін жүзеге асыруға бөгет жасау әрекеттері [4]. Яғни, бұл Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттердің міндеті ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысуды қылмыстық жауапкершілікке тарту, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуды криминализациялау, сыбайлас жемқорлық және сот төрелігіне кедергі жасауға жауапкершілікті белгілеу. Конвенцияның қосымша бөлігі болып табылатын Хаттамаға сәйкес, мемлекеттер адам саудасы, әсіресе әйелдер мен балалар; мигранттардың контрабандасы және атыс қаруының заңсыз айналымы бойынша да іс-шаралар қабылдауға міндетті. Сәйкесінше, құжат қатысушы мемлекеттерге ақпарат алмасуды және тергеуге жәрдемдесуді қоса алғанда, трансұлттық қылмысқа қарсы күрес мәселелерінде ынтымақтасуға тікелей міндеттеме енгізеді.

БҰҰ 1988 ж. 20 желтоқсанда қабылданған «Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенциясы. Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық кезінде активтерді қайтару саласы бойынша маңызды тұстардың бірін оны тәркілеу деп қарастыратын болсақ, Конвенцияда тәркілеу ұғымына анықтама берілген. Оған сәйкес, тиісті жағдайларда алып қоюды қамтитын «тәркілеу» соттың немесе басқа құзыретті органның қаулысы бойынша

мүліктен түпкілікті айыруды білдіреді. Сонымен қоса, мемлекеттер үшін ондай тәркілеулерді белгілі бір жағдайда міндеттейді. Яғни, Конвенцияның 5-бабына сәйкес, әрбір тарап 3-баптың 1-тармағына сәйкес, осындай деп танылған құқық бұзушылықтар, яғни есірткі психотроптық заттарды дайындау, сату, жөнелту, тасымалдау және т.б. жасау нәтижесінде алынған кірістерді немесе құны осындай кірістерге сәйкес келетін меншікті тәркілеу үшін талап етілуі мүмкін шараларды қабылдауы қажет [5]. Одан бөлек, оның 7-бабы өзара құқықтық көмекті, оның ішінде активтерді қайтару үшін маңызды болған, банктік, қаржылық, фирмалық немесе коммерциялық құжаттарды қоса алғанда, тиісті құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларын немесе куәландырылған көшірмелерін ұсыну және дәлелдеу мақсатында кірістерді, мүлікті, қаражатты немесе басқа заттарды анықтау немесе табу үшін шаралар жасауды мемлекеттерге міндеттейді. Жалпылай айқанда, Конвенцияның негізгі тұстары:

- ♦ қатысушы мемлекеттердің есірткіні заңсыз өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және таратуға байланысты белгілі бір әрекеттерді қылмыстық жауапкершілікке тарту міндеттемесін белгілейді;

- ♦ конвенцияда көзделген қылмыстарға байланысты мүлікке тыйым салу және тәркілеу туралы ережелерді қамтиды;

- ♦ экстрадициялау, өзара құқықтық көмек, қаржылық операцияларды бақылау және ақпарат алмасу мәселелеріндегі ынтымақтастық;

- ♦ қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде алынған ақшаны жылыстатуға қарсы күреске бағытталған саясатты жүзеге асырады;

- ♦ есірткі өндірісінде қолдануға болатын заттарды бақылаудың қатаң ережелерін енгізуге міндеттейді.

Айта кететін жәйт, Конвенция мемлекеттер үшін олардың ұлттық заңдарын халықаралық стандарттармен үйлестіруге мүмкіндік беретін жалпы құқықтық негіздерді белгілегенмен қоймай, елдер арасында екіжақты келісімдер болмаған жағдайларда Конвенция өзара іс-қимыл жасау үшін міндеттемелердің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етеді. Яғни, екі мемлекетте осы Конвенцияның тараптары болып табылса, халықаралық-құқықтық көмекке сұрау салу барысында осы Конвенцияны құқықтық негіз ретінде пайдалануға болады.

Жоғарыда көзделген Конвенциялар активтердің қайтарылуын қамтамасыз ету үшін жан-жақты, тұрақты және келісілген саясаттың немесе стратегияның болуына әкеледі. Екіжақты шарттардағыдай активтерді қайтару кезінде оларға тікелей жүгіне алмасақта, олар бірдей құқық бұзушылықтардың барлық елде криминализациялануында, мемлекеттердің бір-біріне қол ұшын созуы қажет екендігін сезіндіруде аса маңызды рөл атқарады.

Аймақтық шарттар.

Еуропа Кеңесінің 8 қараша 1990 ж. «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы» Конвенциясы ақшаны жылыстатуға және мемлекетаралық өзара іс-қимылға қарсы күрестің негізін қалайды. Ол қылмыстық кірістерді тәркілеу мәселелерін жүйелі түрде реттейтін алғашқы халықаралық құжат болып табылады. Конвенция қатысушы мемлекеттерді қылмыстар, әсіресе ауыр қылмыстар нәтижесінде алынған кірістерді жылыстатуды криминализациялауға міндеттейді. Нақты қылмыстар тізімі көрсетілмегенмен, ауыр қылмыстардың кең санатын қамтуға шақырады. Мемлекеттер қылмыстық жолмен алынған кірістерді тәркілеуді қоса алғанда, оларды алып қою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Тәркілеу принципін тек кірістерге ғана емес, сонымен бірге олар айырбасталған мүлікке де қолдану қажет [6]. Яғни, бұл жерде біздің заңнамада да көзделгендей активтерді түрлендіру кезінде де ол тәркіленуге жататындығы қарастырылып тұр. Конвенцияның 13-бабына сәйкес, өз аумағындағы қылмыс құралдарды немесе кірістерді тәркілеу туралы сұрау салуды алған тарап: а) осы құралдарды немесе кірістерді тәркілеу туралы сұрау салушы Тарап сотының шешімін орындауға; не б) тәркілеу туралы қаулы шығару үшін сұрау салуды өзінің құзыретті органдарына беруге және егер мұндай қаулы қабылданып болса, оны орындауға міндетті. «Халықаралық шарттар құқығы туралы» Вена Конвенциясының 31-бабына сәйкес, халықаралық шарттардағы түсініктер кәдімгі мағынасында түсінілуі қажет. Яғни, «қаулыны орындау» және «шешімін орындау» сияқты терминдер олардың әдеттегі заңды мағынасында, яғни тараптардың тәркілеуге қатысты сұраулар мен сот шешімдерін орындау жөніндегі міндеттемелері ретінде түсіндірілуі керек. Бұл терминдер бір тараптың

екінші тарапқа қатысты қабылдауы керек әрекеттерін көрсетеді және олар халықаралық ынтымақтастық міндеттемелерін орындауды көздейді. Сәйкесінше, бұл активтерді қайтару саласында біздің мемлекетіміз үшін маңызды және тиімді құжат болып саналады.

«Қылмыстық істер бойынша өзара көмек туралы америкааралық» Конвенциясы Америкалық мемлекеттермен 1992 ж. 23 мамырда Нассауда қабылданған. ҚР бұл құжатқа 2015 ратификациялау жолымен қосылған болатын. Конвенцияның 14-бабы мемлекеттерге тікелей активтерді қайтару бойынша шараларға жәрдемдесуді міндеттейді. Одан бөлек те, көрсетілетін құқықтық көмек айналыстан мүлікті алып қою және мүлікке тыйым салу, активтермен операцияларды тоқтата тұрумен және алып қоюмен байланысты рәсімдерге жәрдемдесуді және тінту мен алуды да қамтиды [7]. Қазір бұл құжатты 30 мемлекет ратификациялаған, оның ішінде Америка Құрама Штаттары, Мексика, Никарагуа, Аргентина, Панама, Багам аралдары және т.б. [8].

«Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Конвенция (Кишинев). Көп жақты шартқа сәйкес, уағдаласушы тараптар сұрау салынатын тараптың заңнамасында көзделген іс жүргізу және басқа да іс-әрекеттерді орындай отырып, құжаттарды жасауды және жіберуді, қарап-тексеру, тінту, алу жүргізуді, заттай дәлелдемелерді беруді, сараптаманы, тараптардан, куәгерлерден, айыпталушылардан, жәбірленушілерден жауап алуды, адамдарды іздестіруді, жедел-іздестіру іс-шараларын, қылмыстық қудалау үшін адамдарды беруді және үкімдерді орындау, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған ақшалай қаражат пен мүлікті және қылмыстық қызметтен түскен кірістерді іздестіру мен тыйым салуды (алып қоюды) жүзеге асырады [9]. Конвенция сыбайлас жемқорлықпен күресу және қылмыстық әрекеттен түскен кірістерді жылыстату үшін маңызды елдер арасында тиімді ақпарат алмасу үшін негіздеме береді. Маңызды аспект – ТМД елдерінде активтер жылыстатылмаса да, олар жасырылуы немесе ТМД елдерінің аумағы арқылы Еуропа немесе Швейцария сияқты басқа юрисдикцияларға аударылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Кишинев Конвенциясы ТМД елдерінің осы активтерді іздеу, табу және бақылау үшін өзара ынтымақтастықтың құралы бола алады.

Екіжақты шарттар.

Қылмыстық және азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы екіжақты шарттар қылмыстық жолмен алынған активтерді қайтаруға байланысты мәселелерді шешуде өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, халықаралық-құқықтық ынтымақтастықта шешуші рөл атқарады. Күні бүгінге дейін және қазірде еліміз құқықтық кедергілерді жоюға және заңсыз алынған активтерді тиімді тергеп-тексеруді, тыйым салуды және қайтаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін екіжақты келісімдер жасау барысында. Қазақстан өз кезегінде, халықаралық ынтымақтастыққа негіз болатын бірқатар халықаралық және аймақтық конвенцияларға қосылып, онымен қоса 33 мемлекетпен 70-ке жуық екіжақты шарттар жасасқан. Атап айтқанда, АҚШ, БАӘ, Болгария, Венгрия, Грузия, Испания, Италия, Канада, Корея, Түркия, Чехия және Ұлыбритания сияқты мемлекеттер [10]. Сонымен қатар, осы саладағы шет мемлекеттермен ынтымақтастық үшін құқықтық негізді белсенді дамытуда. Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Перу Республикасымен және Марокко Патшалығымен өзара құқықтық көмек туралы, экстрадициялау және беру туралы екіжақты шарт жасады [11, 12]. Екіжақты шарттардың арқасында Қазақстан шетелдік сот шешімдеріне қол жеткізіп, қылмыскерлерді экстрадициялауды сұрап және елден заңсыз шығарылған активтердің берілуін қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ, мұндай келісімдер құқықтық көмек процесін жеделдетуге бағытталуы мүмкін екенін атап өткен жөн, бұл әсіресе сыбайлас жемқорлық пен халықаралық қылмысқа қарсы күрес контекстінде өзекті.

Екіжақты шарттарды талдаулар көрсеткендей, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы екіжақты шарттың болуы, сұраулардың міндетті түрде орындалатынын білдірмейді. Шарттардың өздерінде кейбір нормалар нақты немесе анық емес. Шарттарда жиі кездесетін бірнеше негізгі кедергілерді бөліп көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады:

- ♦ мемлекеттер арасындағы сұраныстарды орындауды қиындататын ұлттық құқықтық жүйелердің сәйкес келмеуі;
- ♦ активтерді беруді шектеуі мүмкін үшінші тұлғалардың құқықтарын сақтау қажеттілігі;
- ♦ көмек көрсетуден бас тартуға әкелуі мүмкін саяси немесе экономикалық шектеулер.

Келісімшарттар жасасу кезінде осы проблемаларды болдырмау үшін бірнеше негізгі аспектілерді ескеру қажет. Біріншіден, екі тарап келісетін өзара құқықтық көмек үшін нақты рәсімдер мен критерийлер белгіленуі керек. Екіншіден, ұлттық заңдардағы айырмашылықтарға сәйкес келу үшін келісімдерде икемділікті қамтамасыз ету маңызды. Мысалы, мәселелерді болдырмау үшін дауларды шешу тетіктерін немесе үшінші тараптардың құқықтарын қорғауға байланысты ерекшеліктерді қарастыруға болады. Үшіншіден, келісімдер активтерді бақылау және қайтару үшін нақты шарттарды, сондай-ақ мерзімдер мен рәсімдерді сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілеуді көздеуі тиіс. Сонымен қатар, келісімшарттар жасасу кезінде екі елдің құзыретті органдары арасында тұрақты үйлестіруді қамтамасыз ету қажет, бұл активтерді қайтару процестерін жеделдетуге көмектеседі. Келісімдерде экономикалық және саяси шындықтарды ескеру маңызды, бұл көмек көрсетуден бас тарту қаупін азайтады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, халықаралық-құқықтық ынтымақтастыққа негіз болатын шарттардың тиімді жағы мен кедергілері анықталды. Қаншалықты құқықтық негіздер мемлекеттерді көмек көрсетуге міндеттейтініне қарамастан, шарттарда сұрау салуларды жедел және нақты орындауды қамтамасыз ете алмайтын кездерде болатыны анықталды. Баса назар аударатын жәйт, құқықтық көмек көрсету мемлекеттердің ең алдымен саяси ынтымақтасуына, еркіне және өздеріне алған міндеттемелерге деген жауапкершілігіне тікелей байланысты процесс. Сондықтан мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастық орнату, бұл процесте өзара түсіністік таныту шешуші фактор болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 International Covenant on Civil and Political Rights / Adopted by the General Assembly of the United Nations. 1966. URL: https://treaties.un.org/doc/treaties/1976/03/19760323%2006-17%20am/ch_iv_04.pdf.
- 2 United Nations Convention against Corruption // General Assembly resolution 58/4 of 31 October 2003. URL: https://www.unodc.org/documents/brussels/UN_Convention_Against_Corruption.pdf
- 3 Vienna Convention on the Law of Treaties. Vienna, 1969. URL: https://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/conventions/1_1_1969.pdf
- 4 The United Nations Convention against Transnational Organized Crime / Adopted by General Assembly resolution 55/25 of 15 November 2000. URL: https://www.unodc.org/documents/middleeastandnorthafrica/organised-crime/UNITED_NATIONS_CONVENTION_AGAINST_TRANSNATIONAL_ORGANIZED_CRIME_AND_THE_PROTOCOLS_THERETO.pdf
- 5 United Nations Convention against Illicit Traffic in Narcotic Drugs and Psychotropic Substances / Adopted by the United Nations Conference for the Adoption of a Convention against Illicit Traffic in Narcotic Drugs and Psychotropic Substances. Vienna, 1988. URL: https://treaties.un.org/pages/viewdetails.aspx?src=treaty&mtdsg_no=vi-19&chapter=6&clang=_en
- 6 Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 2 мамырдағы № 431-IV «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы». 2011.
- 7 Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 351-V ҚРЗ «Қылмыстық істер бойынша өзара көмек туралы америкааралық конвенцияны ратификациялау туралы». 2015.
- 8 Organization of American States. Inter-American Convention on Mutual Assistance in Criminal Matters (A-55). 2023. URL: <https://www.oas.org/juridico/english/Sigs/a-55.html>
- 9 Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531 Заңы «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы». 2004.
- 10 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы. Келісім-шарттар картасы. Астана: Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/documents/details/471614?lang=kk>
- 11 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы. Перумен қылмыстық-құқықтық саладағы шарттарға қол қою туралы. Астана: Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/press/news/details/870355?lang=kk>
- 12 Қазақстан мен Марокко ынтымақтастықты нығайтуда: қылмыстық-құқықтық саладағы келісімдерге қол қойылды. Астана: Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/press/news/details/902214?lang=kk>

REFERENCES

- 1 International Covenant on Civil and Political Rights / Adopted by the General Assembly of the United Nations. 1966. URL: https://treaties.un.org/doc/treaties/1976/03/19760323%2006-17%20am/ch_iv_04.pdf.
- 2 United Nations Convention against Corruption // General Assembly resolution 58/4 of 31 October 2003. URL: https://www.unodc.org/documents/brussels/UN_Convention_Against_Corruption.pdf
- 3 Vienna Convention on the Law of Treaties. Vienna, 1969. URL: https://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/conventions/1_1_1969.pdf
- 4 The United Nations Convention against Transnational Organized Crime / Adopted by General Assembly resolution 55/25 of 15 November 2000. URL: https://www.unodc.org/documents/middleeastandnorthafrica/organised-crime/UNITED_NATIONS_CONVENTION_AGAINST_TRANSNATIONAL_ORGANIZED_CRIME_AND_THE_PROTOCOLS_THEREO.pdf
- 5 United Nations Convention against Illicit Traffic in Narcotic Drugs and Psychotropic Substances / Adopted by the United Nations Conference for the Adoption of a Convention against Illicit Traffic in Narcotic Drugs and Psychotropic Substances. Vienna, 1988. URL: https://treaties.un.org/pages/viewdetails.aspx?src=treaty&mtdsg_no=vi-19&chapter=6&clang=en
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy 2011 jylǵy 2 mamyrdaǵy No. 431-IV «Qylmystyq áreketten túsken tabystardy jylystatu, anyqtau, alyp qoiu jáne tárkileu turaly konvensiany ratifikasialau turaly». 2011.
- 7 Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy 2015 jylǵy 21 qyrküiekteǵy No. 351-V QRZ «Qylmystyq ister boiynsha özara kömek turaly amerikaaralyq konvensiany ratifikasialau turaly». 2015.
- 8 Organization of American States. Inter-American Convention on Mutual Assistance in Criminal Matters (A-55). 2023. URL: <https://www.oas.org/juridico/english/Sigs/a-55.html>
- 9 Qazaqstan Respublikasynyñ 2004 jylǵy 10 nauryzdaǵy N 531 Zańy «Azamattyq, otbasylyq jáne qylmystyq ister boiynsha qūyqytyq kömek pen qūyqytyq qatynastar turaly konvensiany bekıtu turaly». 2004.
- 10 Qazaqstan Respublikasynyñ Bas Prokuraturasy. Kelisim-şarttar kartasy. Astana: Qazaqstan Respublikasynyñ Bas Prokuraturasy, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/documents/details/471614?lang=kk>
- 11 Qazaqstan Respublikasynyñ Bas Prokuraturasy. Perumen qylmystyq-qūyqytyq saladaǵy şarttarǵa qol qoiu turaly. Astana: Qazaqstan Respublikasynyñ Bas Prokuraturasy, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/press/news/details/870355?lang=kk>
- 12 Qazaqstan men Maroko yntymaqtastyqty nyǵaituda: qylmystyq-qūyqytyq saladaǵy kelisimderge qol qoiyldy. Astana: Qazaqstan Respublikasynyñ Bas Prokuraturasy, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/press/news/details/902214?lang=kk>

ГАБДОЛЛА Н.Б.,^{*1}

магистрант.

*e-mail: n_gabdolla@kazguu.kz

ORCID ID: 0009-0006-2104-3263

¹Максут Нарикбаев университет,
г. Астана, Казахстан

АНАЛИЗ ПРАВОВЫХ ОСНОВ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ИХ ЭФФЕКТИВНОСТИ В СФЕРЕ ВОЗВРАТА НЕЗАКОННО ПРИОБРЕТЕННЫХ АКТИВОВ

Аннотация

Статья рассматривает правовые основы международно-правового сотрудничества в сфере возврата незаконно приобретенных активов, включая международные и региональные конвенции, а также двусторонние договоры о взаимной правовой помощи. В статье проведен анализ содержания данных правовых инструментов с точки зрения наличия в них механизмов возврата активов, возможности прямого обращения к ним при направлении запроса о правовой помощи и их эффективности в обеспечении фактического возврата активов.

Ключевые слова: незаконно приобретенные активы, международное сотрудничество, международные договоры, региональные договоры, двусторонние договоры, возврат активов.

GABDOLLA N.B.,*¹

master's student.

*e-mail: n_gabdolla@kazguu.kz

ORCID ID: 0009-0006-2104-3263

¹Maqsut Narikbayev University,
Astana, Kazakhstan

**ANALYSIS OF THE LEGAL FOUNDATIONS
OF INTERNATIONAL LEGAL COOPERATION
AND THEIR EFFECTIVENESS IN THE RECOVERY
OF ILLEGALLY ASSETS**

Abstract

The article examines the legal foundations of international legal cooperation in the recovery of illegally acquired assets, including international and regional conventions, as well as bilateral treaties on mutual legal assistance. The article analyzes the content of these legal instruments in terms of the presence of asset recovery mechanisms, the possibility of directly referring to them when making a request for legal assistance, and their effectiveness in ensuring the actual return of assets.

Key words: illegally assets, international cooperation, international treaties, regional treaties, bilateral treaties, asset recovery.

REQUIREMENTS FOR THE DESIGN OF ARTICLES PUBLISHED IN THE EURASIAN SCIENTIFIC JOURNAL OF LAW

Manuscripts are accepted in Kazakh, Russian and English through the official website of the journal (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>), which provides with the detailed instructions for authors about the process of submitting articles, as well as publication fees.

The text of the article must be typed in **WINWORD XP** or *. RTF (Reach text format). **Times New Roman** font, size **14**, the text must be typed in one interval and not exceed **12** pages.

IRSTI, **UDC** and **JEL** are printed in the upper left part of the sheet.

Then, in the upper right part of the sheet, the author's surname and initials, place of work, academic degree and title, name of the country and city, and e-mail are printed in three languages (Kazakh, Russian, and English). If there are several authors, indicate the main author of the article (with the*sign). In the middle of the sheet, **the name of the manuscript** is printed in capital letters, followed by **key words** (5-7 words, including no more than two phrases) in three languages. Then there is the text that should be printed without hyphenation, observing the following field sizes: left-30 mm, right-10 mm, top-15 mm, bottom-20 mm. The paragraph indent begins with the third character. Formulas must be given in the **formula editor** application (Microsoft Equation). **Tables, figures, and diagrams** are printed without fills.

In the text, references to the literature used are given in **square brackets**, the list of references is printed at the end of the article comprising 5-15 titles. The reference presented in the Cyrillic alphabet is given in two versions – in the original and in the Romanized alphabet (**transliteration** – <http://www.translit.ru>).

A short abstract (150-200 words, 14 size) should be given in three languages after the list of references, which indicates the purpose of the article and the research methods used. Then **the title of the article** is also printed in three languages.

Authors of the journal should adhere to the following requirements concerning the structure of the article in accordance with the headings (**title, abstract, keywords, introduction, materials and methods, results, discussion, conclusion, information about funding (if available), references, transliterated list of references**).

The headings of the structural elements of the article should be given in bold.

The text of the article must be original, not previously published anywhere.

The article is subjected to “blind” review, the reviewers are appointed by the Editorial board of the journal.

At the end of the article, please indicate your full name, return address, phone numbers, fax, and e - mail address.

The author (s) is/are responsible for the content of the article. The opinion of the Scientific and Editorial Board does not always coincide with the opinion of the author (s). The Editorial Board reserves the right to publish or reject articles.

In order to identify and prevent scientific plagiarism, in accordance with the “Regulations on the organization of activities for the identification and prevention of scientific plagiarism at Turan University”, the Editorial board of the journal checks articles submitted for publication for anti-plagiarism.

A link to our publication is required when reprinting it.

Our address: **050013, Almaty, Satpaev ave. 1A, Turan University**
Phone: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**
Website: <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>

Editorial board

**EURASIAN SCIENTIFIC JOURNAL OF LAW ЖУРНАЛЫНДА ЖАРИЯЛАНАТЫН
МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде журналдың ресми сайты (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>) арқылы қабылданады, онда авторларға мақалаларды жіберу үдерісі, сондай-ақ ақы төлеу туралы толық нұсқаулық бар.

Мәтін **WINWORD XP** немесе*. **RTF (Reach text format)** форматында терілуі тиіс. **Times New Roman** шрифт, **14** кегль. Жазба мәтіні бір жол аралығы арқылы теріліп, **12 беттен** аспауы тиіс.

Парақтың үстінгі сол жақ бұрышында **FTAMI, ӘОК** және **JEL** жазылады.

Одан әрі, парақтың оң жақ жоғары бөлігінде автордың тегі мен инициалдары, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі мен атағы, ел мен қала атауы, e-mail үш тілде сөздер (қазақша, орысша және ағылшынша) жазылады, егер бірнеше автор болса – мақаланың негізгі авторын (* белгісімен) көрсетіңіз. Парақтың ортасына материалдың **атауы** бас әріптермен, одан әрі – **тірек сөздер** (5–7 сөз, екі сөз тіркесінен аспауы керек) үш тілде жазылады. Содан кейін мәтіннің келесі жиек мөлшерін сақтай отырып, **тасымалдаусыз** басу қажет: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 10 мм, үстіңгі – 15 мм, астыңғы – 20 мм сақтай отырып тасымалсыз жазылады. Азат жол үшінші белгіден басталады. Формулалар тек **формалар редакторы (Microsoft Equation)** қосымшасында терілу керек. **Кестелер, суреттер және схемалар** қосымша бояуларсыз жазылады.

Мәтінде **квадрат жақшалар** ішінде қолданылған әдебиеттерге сілтемелер, ал **қолданылған әдебиеттер** тізімі мақала соңына 5-15 атау көлемінде жазылады. Кириллицада ұсынылған әдебиеттер екі нұсқада - түпнұсқада және романизацияланған алфавитте (**транслитерация** - [http:// www.translit.ru](http://www.translit.ru)) беріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімінен кейін мақаланың мақсаты мен қолданылған зерттеу әдістері көрсетілген **андатпа** (150–200 сөз, 14 кегль) үш тілде жазылады. Одан әрі, мақаланың **атауы** үш тілде жазылады.

Журналдың потенциалды авторлары тақырыптарына сәйкес мақаланың құрылымы бойынша келесі ережелерді ұстануы тиіс (**атауы, андатпа, тірек сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылаулар, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса), әдебиеттер, транслитерацияланған әдебиеттер тізімі**).

Мақаланың құрылымдық элементтерінің тақырыптары қалың қаріппен көрсетілуі керек.

Мақала мәтіні еш жерде жарияланбаған түпнұсқалық нұсқада болуы тиіс.

Мақала жасырын рецензиялаудан өтеді, рецензенттерді журналдың редколлегиясы тағайындайды.

Мақаланың соңында толық аты-жөнін, кері мекенжайын, телефондарын, факсін, электрондық пошта мекенжайын (e-mail) көрсетуіңізді сұраймыз.

Мақаланың мазмұнына автор (авторлар) жауапты. Ғылыми-редакциялық кеңестің пікірі әрдайым автордың (авторлардың) пікірімен сәйкес келе бермейді. Редакциялық кеңес мақалаларды жариялау немесе қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Ғылыми плагиатты анықтау және оның алдын алу мақсатында «Тұран» университетінде ғылыми плагиатты анықтау және оның алдын алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру туралы ережеге» сәйкес журнал редакциясы жариялауға ұсынылған мақалаларды антиплагиат бойынша тексерістен өткізеді.

Біздің басылымға қайта басылған кезде сілтеме міндетті.

Біздің мекен-жайымыз: **050013, Алматы қ., Сәтпаев көш., 16Аа, «Тұран» университеті.**

Анықтама телефоны: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**

Сайт: <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>

Редакциялық алқа

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ EURASIAN SCIENTIFIC JOURNAL OF LAW

Материалы принимаются на казахском, русском и английском языках через официальный сайт журнала (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>), в котором имеется подробная инструкция для авторов о процессе подачи статей, а также об оплате публикации.

Текст статьи должен быть набран в **WINWORD XP** или *. RTF (Reach text format). Шрифт **Times New Roman**, кегль **14**, текст должен быть набран через один интервал и не превышать **12** страниц.

В левой верхней части листа печатается **МРНТИ, УДК и JEL**.

Далее в правой верхней части листа печатаются на трех языках (казахском, русском и английском) фамилия и инициалы автора, место работы, ученая степень и звание, название страны и города, e-mail; если авторов несколько – указать основного автора статьи (знаком*). В середине листа прописными буквами печатаются **название** материала, далее – **ключевые слова** (5–7 слов, в том числе не более двух словосочетаний) на трех языках. Затем идет текст, который следует печатать **без переносов**, соблюдая следующие размеры полей: левое – 30 мм, правое – 10 мм, верхнее – 15 мм, нижнее – 20 мм. Абзацный отступ начинается с третьего знака. Формулы набирать только в приложении – **редактор формул (Microsoft Equation)**. **Таблицы, рисунки и схемы** печатаются без заливок.

В тексте в **квадратных скобках** даются ссылки на использованную литературу, **список литературы** печатается в конце статьи в количестве 5–15 наименований. Литература, представленная на кириллице, дается в двух вариантах – в оригинале и романизированным алфавитом (**транслитерация** – <http://www.translit.ru>).

После списка литературы должна быть **аннотация** (150–200 слов, 14 кегль) на трех языках, в которой указываются цель статьи и использованные методы исследования. Далее печатается **название статьи** также на трех языках.

Потенциальные авторы журнала должны в соответствии с заголовками придерживаться следующих правил по структуре статьи (**название, аннотация, ключевые слова, введение, материалы и методы, результаты, обсуждение, заключение, информация о финансировании (при наличии), литература, транслитерированный список литературы**).

Заголовки структурных элементов статьи должны быть выделены жирным шрифтом.

Текст статьи должен быть оригинальным, ранее нигде не опубликованным.

Статья проходит «слепое» рецензирование, рецензенты назначаются редколлегией журнала.

В конце статьи просим указать Ф.И.О. полностью, обратный адрес, телефоны, факс, адрес электронной почты (e-mail).

Ответственность за содержание статьи несет автор (авторы). Мнение Научно-редакционного совета не всегда совпадает с мнением автора (авторов). Редакционный совет оставляет за собой право публикации или отклонения статей.

В целях выявления и предотвращения научного плагиата в соответствии с «Положением об организации деятельности по выявлению и предотвращению научного плагиата в университете «Туран» редакцией журнала проводится проверка на антиплагиат статей, представленных для публикации.

Ссылка на наше издание при перепечатке обязательна.

Наш адрес: **050013, г. Алматы, ул. Сатпаева, 16А, университет «Туран».**

Телефон для справок: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**

Сайт: **<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>**

Редакционная коллегия

**EURASIAN SCIENTIFIC JOURNAL OF LAW
(ESJL)**

**Scientific and practical journal
№ 4(9) 2024**

Computer layout: Zhuikova M.A.
Proofreader: Skuratova I.M.

Signed to the press on 24.12.2024
Offset paper No. 1,62 x 84/16. Density 80g/m².
Conditional printed sheets 8,0 Conditional publishing sheets 8,3
Circulation 500 copies
Order No. 16

Editorial Office address:
The original layout was prepared by the editorial and
publishing Department of Turan University

г. Алматы, ул. Сатпаева, 16А, университет «Туран».
Тел.: 260-40-18, 260-70-00.

ДЛЯ ЗАМЕТОК

ДЛЯ ЗАМЕТОК
